Оралбек Алмастың «8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы: шығармашылығы, ақындық ортасы, текстологиясы (қолжазба негізінде)» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс Жетісу өңірінен шыққан халық ақыны Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасын қолжазба қорларында сақталған және әр кезеңдерде жарияланған нұсқалар негізінде кешенді түрде зерттеуге арналған. Зерттеу барысында ақын шығармаларының жанрлық сипаты, көркемдік-поэтикалық жүйесі, айтыс өнеріндегі орны, сондай-ақ мәтіндерінің қалыптасу жолдары мен нұсқалық айырмашылықтары ғылыми тұрғыдан қарастырылады.

Әбдіғали Сариев шығармашылығы қазақ әдебиетінің дамуындағы өтпелі кезеңнің өзіндік көркем көрінісі ретінде бағаланады. Ақын мұрасы дәстүрлі халық поэзиясы мен жазба әдебиет үрдісінің өзара жақындасуы аясында талданады. Оның өлеңдері, дастандары мен айтыстары бір жағынан халықтық поэзияның табиғи жалғасын танытса, екінші жағынан жазба әдебиетке тән көркемдік ізденістермен, авторлық өңдеумен, мәтіндік қалыптасу ерекшеліктерімен дараланады. Осы тұрғыдан алғанда, Ә. Сариев мұрасы тек көркем әдеби туынды ретінде ғана емес, арнайы текстологиялық саралауды қажет ететін күрделі әдеби құбылыс ретінде қарастырылады.

Ақын шығармашылығы туралы деректер бүгінге дейін көбіне жекелеген мақалалар мен анықтамалық сипаттағы басылымдарда ғана көрініс тапты. Бұл ретте К. Сейдехановтың «Халық поэзиясы және бүгінгі өмір» атты ұжымдық монографиясында жарияланған «Әбдіғали Сариевтің екі дастаны» атты зерттеу мақаласын, ақынның қызы Ш. Сариеваның «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген «Өмірде өз өрнегімен танылған» еңбегін, сондай-ақ «Қазақ Совет Энциклопедиясы» мен «Ақын-жыраулар» анықтамалық жинақтарындағы қысқаша мәліметтерді атауға болады. Алайда бұл еңбектерде ақынның өмірі мен әдеби мұрасы толық қамтылмаған. Оның шығармаларының жанрлық жүйесі, айтыстарының көркемдік болмысы, қолжазба және баспа нұсқалары арасындағы айырмашылықтар арнайы зерттеу нысаны ретінде кең көлемде қарастырылмаған.

Әбдіғали Сариев – суырыпсалмалық өнер мен жазба поэзия машығын қатар меңгерген ақын. Оның шығармашылық болмысынан ауызша дәстүр мен жазба әдебиетке тән сипаттардың қатар өрілгенін көруге болады. Ақын ел ішінде домбырамен өлең айтып, айтыстарға қатысқан, сонымен бірге шығармаларын жазба түрде қалыптастырып, баспасөз беттерінде жариялап отырған. Бұл ерекшелік М. Қаратаевтың халық поэзиясы мен жазба

әдебиеттің кеңестік кезеңде өзара жақындасуы туралы пікірлерімен үндеседі. Ғалым атап көрсеткен «ауызша да төгіп айтатын, жазып та шығаратын ақынның типі» Ә. Сариев тұлғасын тануда маңызды ғылыми негіз бола алады (Қаратаев М. Халық поэзиясы жаңа белесте // Ақындар жыры: қазіргі халық поэзиясы. Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1963. – 149-153 бб.).

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Жеке ақынның шығармашылық табиғатын терең түсіну үшін оның өмір сүрген дәуірін, өскен ортасын, рухани байланыс жасаған әдеби айналасын және шығармаларының мәтіндік тағдырын тұтастықта қарастыру қажет. Осы тұрғыдан алғанда, Әбдіғали Сариев мұрасын арнайы зерттеу – қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы үшін маңызды мәселелердің бірі.

Ақын шығармашылығы кеңестік кезеңде қалыптасып, сол дәуірдің әлеуметтік, мәдени, әдеби талаптарымен тығыз байланыста дамыды. Оның өлеңдерінде халық өмірі, еңбек адамының бейнесі, елдік сана, туған жер, тарихи жад, дәуір шындығы кеңінен көрініс тапты. Сонымен қатар ақын шығармаларында Жетісу ақындық дәстүріне тән бейнелеу тәсілдері, шешендік өрнек, суырыпсалмалық қуат, халықтық дүниетаным айқын байқалады. Осы белгілер Ә. Сариев поэзиясын ұлттық әдебиеттің ішкі даму арнасында бағалауға мүмкіндік береді.

Жетісу ақындық мектебінің қазақ әдебиеті тарихындағы орны ерекше. Бұл өңірден шыққан ақындар халық поэзиясының дәстүрін сақтап қана қоймай, оны жаңа тарихи жағдайға бейімдеп дамытты. Ә. Сариев те осы ортада қалыптасып, Жамбыл, Сүйінбай, Үмбетәлі, Кенен тәрізді ақындар салған көркемдік арнаны өзіндік мәнермен жалғастырды. Сондықтан ақын мұрасын Жетісу әдеби ортасымен байланыстыра зерттеу оның шығармашылық тұлғасын тереңірек танытуға жол ашады.

Зерттеу жұмысының өзектілігін арттыратын тағы бір маңызды мәселе – ақын шығармаларының текстологиялық сипаты. Ә. Сариев мұрасының бір бөлігі қолжазба қорларында сақталған, бір бөлігі әр жылдары мерзімді баспасөзде және жеке жинақтарда жарияланған. Бұл нұсқалар арасында мәтіндік айырмашылықтар, қысқартулар, толықтырулар, сөз ауысулары мен құрылымдық өзгерістер кездеседі. Сондықтан ақын шығармаларын бір ғана баспа нұсқасы негізінде бағалау жеткіліксіз. Қолжазба және жарияланған мәтіндерді өзара салыстыру арқылы ғана оның шығармашылық мұрасын ғылыми тұрғыдан нақты тануға болады.

Осыған байланысты Әбдіғали Сариев шығармашылығын бүгінгі ғылыми талап тұрғысынан қайта қарастыру, оның әдеби мұрасын жүйелеу, көркемдік ерекшелігін айқындау және мәтіндік қалыптасу жолдарын анықтау – диссертациялық жұмыстың басты өзектілігін белгілейді.

Зерттеу жұмысының мақсаты – Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасын кешенді түрде қарастырып, оның жанрлық, көркемдік-поэтикалық және

текстологиялық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан анықтау, сондай-ақ ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы орнын айқындау.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

– Әбдіғали Сариев шығармашылығына қатысты ғылыми еңбектер мен деректерді жинақтап, жүйелеу;

– ақынның өмірі мен әдеби ортасын, шығармашылық қалыптасу жолын қарастыру;

– ақын шығармаларының тақырыптық және жанрлық ерекшеліктерін анықтау;

– өлеңдері мен дастандарындағы көркемдік-поэтикалық сипаттарды саралау;

– Ә. Сариев айтыстарының мазмұндық, көркемдік және дәстүрлік ерекшеліктерін талдау;

– ақын шығармаларын Жетісу ақындық мектебі және замандас ақындар мұрасымен байланыста қарастыру;

– қолжазба және баспа нұсқаларын салыстыру арқылы мәтіндік айырмашылықтарды айқындау;

– ақын мұрасындағы дүниетанымдық, идеялық және көркемдік ізденістерді ғылыми тұрғыдан бағалау.

Зерттеу нысаны ретінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасында, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларында, ақынның жеке отбасылық мұрағатында сақталған шығармаларының нұсқалары, сондай-ақ әр жылдары жарық көрген баспа мәтіндері алынды.

Зерттеу пәні – Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы, оның жанрлық жүйесі, көркемдік-поэтикалық ерекшеліктері, айтыстарының табиғаты, сондай-ақ шығармаларының текстологиялық құрылымы мен нұсқалық сипаты.

Зерттеу әдістері. Жұмыста тарихи-салыстырмалы, текстологиялық және жүйелі талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар жинақтау, салыстыру, сипаттау, саралау тәсілдері арқылы ақын шығармаларының мазмұндық және көркемдік ерекшеліктері қарастырылды. Қолжазба және жарияланған мәтіндерді салыстыру барысында мәтіндік айырмашылықтардың сипаты, олардың шығарма мазмұны мен көркемдік құрылымына әсері анықталды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Диссертациялық жұмыстың теориялық негізін қазақ әдебиеттану ғылымындағы халық поэзиясы, ақындық дәстүр, айтыс өнері, көркемдік жүйе, фольклорлық таным және текстология мәселелеріне арналған іргелі еңбектер құрайды. Бұл ретте М. Әуезов, С. Мұқанов, М. Ғабдуллин, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, З. Қабдолов, З. Ахметов, С. Қасқабасов, С. Садырбаев, З. Сейітжанов, А. Бұлдыбай, С. Медеубеков, Т. Әлбеков, С.

Қосанов және басқа да зерттеушілердің еңбектері басшылыққа алынды. Аталған ғалымдардың тұжырымдары ақын мұрасын әдеби-тарихи, көркемдік және текстологиялық тұрғыдан бағалауға ғылыми негіз болды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Диссертациялық жұмыста Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы алғаш рет кешенді түрде арнайы зерттеу нысанына айналып отыр. Ақын шығармаларының жанрлық жүйесі, көркемдік-поэтикалық ерекшеліктері және текстологиялық сипаты ғылыми тұрғыдан жүйеленді. Сондай-ақ Ә. Сариевтің Жетісу ақындық мектебіндегі орны, халықтық поэзия мен жазба әдебиет дәстүрін ұштастырудағы ерекшелігі, айтыс өнеріндегі өзіндік мәнері нақты талдаулар арқылы айқындалды.

Жұмыстың жаңалығы ақын шығармаларының қолжазба және жарияланған нұсқаларын салыстыра қарастырудан да көрінеді. Зерттеу барысында мәтіндер арасындағы сөздік, құрылымдық, мазмұндық айырмашылықтар анықталып, олардың шығарманың көркемдік табиғатына әсері бағаланды. Бұл Ә. Сариев мұрасын бұрынғы анықтамалық сипаттағы мәліметтер деңгейінен шығарып, дербес ғылыми нысан ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы. Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиеті тарихын, халық ақындарының шығармашылығын, Жетісу ақындық мектебін және текстологиялық мәселелерді зерделеуде теориялық негіз бола алады. Сонымен қатар жұмыстың нәтижелерін жоғары оқу орындарында қазақ әдебиеті тарихы, халық поэзиясы, айтыс өнері, фольклортану және текстология пәндерін оқытуда, арнайы курстар мен семинарларда пайдалануға болады. Диссертацияда жинақталған деректер мен талдаулар Ә. Сариев мұрасын алдағы уақытта кеңірек зерттеуге де негіз бола алады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

– Әбдіғали Сариев – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, халықтық поэзия мен жазба әдебиет дәстүрін қатар ұстанған көрнекті ақын;

– ақын шығармашылығы Жетісу ақындық мектебінің көркемдік дәстүрімен тығыз байланыста қалыптасты;

– Ә. Сариев поэзиясында халықтық дүниетаным, тарихи жад, еңбек адамының бейнесі және дәуір шындығы көркемдік тұрғыдан бейнеленді;

– ақын айтыстары мазмұндық, поэтикалық және орындаушылық ерекшеліктерімен дараланады;

– Ә. Сариев шығармаларының қолжазба және баспа нұсқалары арасында елеулі мәтіндік айырмашылықтар бар, сондықтан оның мұрасы арнайы текстологиялық зерттеуді қажет етеді;

– ақынның әдеби мұрасын кешенді қарастыру қазақ халық поэзиясының XX ғасырдағы даму сипатын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Диссертация құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, негізгі үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, нысаны мен пәні, әдістері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар көрсетілді. Негізгі тарауларда Ә. Сариевтің өмірі мен әдеби ортасы, шығармаларының жанрлық-көркемдік жүйесі, айтыстары мен текстологиялық ерекшеліктері талданады. Қорытындыда зерттеу нәтижелері жинақталып, негізгі ғылыми тұжырымдар беріледі.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен сыннан өтуі. Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары отандық және шетелдік басылымдарда 6 мақала түрінде жарияланды. Оның ішінде Scopus халықаралық деректер базасында 1 ғылыми мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізімге енетін журналдарда 5 мақала жарық көрді.